

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

– Біз бірлесіп жұмыс істеген жылдары мол тәжірибе жинадық. Компания Қазақстанның нарығындағы қызметі кезінде оң нәтижелерге жетті. Қазір жаңа заман келе жатыр, жаңа жобалар мен міндеттер туындауда, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сапар аясында Мемлекет басшысы «Цинхуа» корпорациясы басқармасының төрағасы Хо Цинхуамен энергетика секторының даму перспективаларын, сондай-ақ корпорацияның Қазақстанның көмір өнеркәсібіне қатысу аясын кеңейту мәселелерін талқылады.

Нұрсұлтан Назарбаев «Цинхуа» корпорациясымен бұрын қол жеткізілген уағдаластықтардың біздің еліміз үшін орасан маңызы бар екенін айтты.

Елбасы CNPC корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Ван Илинмен де кездесті.

Кездесуде Қазақстанның мұнай-газ саласының жаңа экономикалық жағдайдағы дамуына корпорацияның қатысу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы республикамыз бен CNPC компаниясының зор ынтымақтастық тәжірибесі бар екенін, осы жылдар ішінде тараптар өзара іс-қимылдың ауқымды базасын қалыптастырғанын айтты.


Компанияның мұнай-газ нарығына қатысуы – біздің ҚХР-мен ынтымақтастығымыздың басты тармақтарының бірі. Сіздің корпорация көмірсутегін өндіру, тасымалдау және өңдеу саласында жұмыс істейді.

– Биылдан бастап CNPC-дің Қазақстан Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің құрамына кіруінің де маңызы бар, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті корпорацияның қатысуымен елімізде жүзеге асырылып жатқан маңызды жобаларға тоқталды.

– Қашаған кеніші игеріліп, Шымкент мұнай өңдеу зауыты жаңғыртылуда. Маңғыстау облысында мұнай-газ жабдықтары кешені, «Бейнеу-Бозой» газ құбыры салынууда. Бұл жобалар зор маңызға ие және бүгін ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөздеріміздің арқауы болады, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев корпорацияның шикізат



секторынан басқа салада да бай тәжірибесі бар екенін айтты. Осыған байланысты Мемлекет басшысы CNPC-ді Астанада құрылуы жоспарланып отырған халықаралық қаржы орталығының жұмысына да белсене қатысуға шақырды.

Соңында Қазақстан Президенті CNPC-дің озық

технологиялар әзірлеудегі қызметіне жоғары баға берді және осы бағытта бірлесе жұмыс істеуге мүдделілік білдірді.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен кеңейтілген құрамда өткен кездесуге қатысты.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, қаржы-несиелік және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сондай-ақ екі ел лидерлері халықаралық күн тәртібіндегі негізгі жайттар бойынша ұстанымдарды қарастырды.

Мемлекет басшысы жылы қабылдауы үшін ҚХР төрағасына алғыс айтты және елдеріміздің арасындағы қарым-қатынас 20 жылдан астам уақыт бойы ұдайы өсу жолында дамып келе жатқанын айтты.

– Бұған Сіздің биылғы мамырда Қазақстанға жасаған ресми сапарыңыз барысында қол жеткен уағдаластықтар септігін тигізіп отыр, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті сондай-ақ қытай халқына жапон басқыншыларына қарсы соғыстағы жеңістің 70 жылдығымен және Бейжіңнің 2020 жылғы қысқы Олимпиаданы өткізу құқығын жеңіп алуымен құттықтады.

– Бейжің жазғы және қысқы Олимпиада ойындары өткен әлемдегі бірден-бір қала болады, – деді Мемлекет басшысы.

Си Цзиньпин Нұрсұлтан Назарбаевқа ілтипат білдіре отырып, Қазақстан мен Қытайдың арасындағы стратегиялық серіктестік үздіксіз нығайып келе жатқанын атап өтті.

– Біз бүгін Қазақстан Президентімен бірге жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жаңа кезеңі туралы бірлескен декларацияға қол қоямыз. Бұл құжат біздің көпжылдық жемісті іс-қимылымыздың қорытындысы болады және болашақтағы ынтымақтастық бағдарламасына айналады, – деді Си Цзиньпин.

Келіссөздер барысында қытай жағы Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруін қош көретіндіктерін айтты және бұл оқиғаның екіжақты қатынастарды арттыру үшін маңызды екенін атап өтті. Тараптар сондай-ақ «жасыл технологияларды» дамыту саласындағы ынтымақтастықты Астанадағы ЭКСПО-2017 көрмесінің әлеуеті ауқымында дамытуға уағдаласты.

Сонымен қатар Мемлекеттер басшылары Қазақстан аумағында аз байытылған уран банкінің құрылуына байланысты атом энергетикасы саласындағы өзара іс-қимылды күшейтуге әзір екендерін білдірді.

Соңында алдағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты бүкіл әлемдегі валюта нарықтарының құбылмалылығы жағдайында дамыту перспективалары талқыланды.

● БІЛІМ КҮНІ

ЖАҢА МЕКТЕПТЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ

Кеше Білім күнінде Қызылорда қаласының Ипподром мөлтек ауданындағы 900 орындық №278 орта мектеп шәкірттеріне есігін айқара ашты.

Аумағы 3,78 гектар жерге орналасқан, 3 қабатты, жан-жағын спорт, демалыс алаңдары қоршаған білім ордасының бой көтергеніне тұрғындар дән риза. Жаңа мектептің ашылу салтанатына келген облыс әкімі Қырымбек Көшербаев барша ұстаздар мен шәкірттерді, ата-аналарды құттықтады.

Заманауи үлгіде салынған бұл мектепте оқушылардың сапалы білім алуларына толық жағдай жасалған. Сонымен қатар, биыл өмірдегі мектептер оқулықпен жылдағыдай қыркүйекте емес, жаңа оқу



құрылысын салған «Обу-Сер» ЖШС басшысы И.Әбубәкіров жаңа мектептің директоры З.Ерназароваға символикалық кілт тапсырды. Алғашқы қоңырау соғылып, ата-аналар атынан сөз алған Г.Ибрагимова ұстаздар мен шәкірттерге ізгі лебізін жеткізді.

Сонғы екі жылда Сыр өңірі республика бойынша әлеуметтік салаға көп қаржы бөлетін аймақтардың көшін бастап келеді. Бұл жұмыстардың нәтижесі де жоқ емес. Биыл ҰБТ қорытындысы бойынша Сыр өңірі 13-орыннан алдыңғы бестікке көтерілді. Мыңдаған қызылордалық жас түлек облыс әкімі гранттарын иеленді. Сондай-ақ, Ресей Федерациясы үкіметі арасындағы келісімге сәйкес 321 түлек Мәскеу және Санкт-Петербургтің

жылы басталмастан 100 пайыз қамтылды.

Облыс әкімі Елбасының «Менің Отаным – Қазақстан» атты кітабын 1-сынып оқушыларына тапсырды. «Сырда туған баламыз» деп ән шықпаған, би билеп, аспапта түрлі-түсті шарлар ұшырған балдырғандардың шат-шадыман сәтін тамашалады. Жаңа мектепке интерактивті тақты сыйлады.

– Биылдың өзінде Қызылорда облысында 22 білім нысанын салуға 6,5 млрд теңге бөлінді. Жыл соңына дейін 19 мектеп пен 4 балабақша пайдалануға беріледі. Осылайша Елбасының бізге жүктеген үш тапсырмасы толық орындалуда. Біріншіден, үш ауысымдық мектептер мәселесі шешілді. Енді Қызылорда облысында 4 үш ауысыммен оқитын мектеп мүлдем жоқ. Екіншіден, апаттық жағдайдағы мектептерді 2016 жылға дейін толық жаңалаймыз. 2013 жылы Қызылордада 25 апаттық мектеп болса, оның 14-і қайта салынып, қалған 11 білім ошағын келесі жылдың соңында бітіруді жоспарлап от-



ырмаз. Үшіншіден, Елбасы 2020 жылға дейін «Балапан» бағдарламасын толық жүзеге асыруды тапсырған болатын. Ал біз жыл соңына дейін балаларды 100 пайыз балабақшамен қамтып, бағдарламаны бекітілген уақытынан бұрын аяқтаймыз, – деді аймақ басшысы.

Салтанатты жиында білім ордасының

мандайалды жоғары оқу орындарында тегін білім алуа.

Оған қоса «Серпін» бағдарламасымен жоғары және арнаулы оқу орындарына қызылордалық жастарға жолдама берілді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, Нұрболат НҰРЖАУБАЙ (сурет).

● ТАРИХИ СӘТ

Кеше облысымызға сапармен келген ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев, тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіров, «Қазақарыш» агенттігінің төрағасы Талғат Мұсабаев, ҚХА төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов және облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ғарыш сапарына дайындалып жатқан Айдын Айымбетовпен кездесіп, ақ жол тіледі.

АЙДЫНҒА АҚ ЖОЛ ТІЛЕДІ

Үкімет басшысының орынбасары Бердібек Мәшбүкұлы Айдын Айымбетовке Қазақстанның Мемлекеттік туын табыстады. Сондай-ақ, ғарышкерге Қазақстан Халқы Ассамблеясы мен «ЭКСПО-2017» көрмесінің жалауын тапсырып, ғарыш кемесі экипажының өзге де мүшелері Сергей Волков пен Андреас Могенсенге сәттілік тіледі.

– Құрметті ғарышкерлер, сіздерді Қазақстан халқы мен еліміздің Президенті атынан құттықтаймын. Сергей үшінші рет ұшқалы отыр, ол Волковтар династиясын жалғастырушы. Егер Тоқтар Әубәкіров ғарышқа сіздің әкеңізбен ұшса, енді біздің Айдын ғарыш кеңістігін сізбен бірге бағындырмақ. Барлығыңызға сәттілік тілейміз, – деді Б.Сапарбаев.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қазақстан жұртшылығы, әсіресе жас өрендер Айдын Айымбетовтей ғарышкерлерімен мақтанатынын, күллі ел оның ғарыш әлеміне аман-есен ұшып барып келуіне тілек қосып жатқанын жеткізді.

Ал А.Айымбетов ғарыш саласындағы ғылыми бағдарламаны сапалы орындауға уәде берді.

– Қазақстанның ғарыш қызметі қарқынды даму үстінде. Астанада Ұлт-



тық ғарыш орталығы салынып жатыр. Басқарылатын космонавтиканы өркендетіп жатқан Қазақстан әлемдегі ғарыш державаларының қатарында тұр. Еліміздің осындай жетістіктеріне өте қуаныштымын, – деді Айдын Айымбетов.

Сонымен қатар, «Қазғарыш» агенттігінің төрағасы Талғат Мұсабаев пен қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров те сөз сөйлеп, жылы лебіздерін жеткізді.

ОТАНДЫҚ БІЛІМГЕ ОРАЛҒАН МЕКТЕПТЕР

БАЙҚОҢЫР: АРМАНҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН КҮН

Байқоңырдағы 6 мектеп пен 1 балабақша жаңа оқу жылынан бастап қазақстандық білім беру стандартына көшті. Өз елінің туған тарихын танып, ана тілін терең оқуға қол жеткізген байқоңырлықтардың қуанышымен бөлісуге келген облыс әкімі Қырымбек Көшербаев №277 орта мектептегі алғашқы қоңырау салтанатына қатысты.

«Байқоңыр» кешеніне қатысты құрылған Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының шешімімен 6 білім ордасы бұдан былай қазақстандық білім беру стандарты бойынша жұмыс істейді. Биыл осы білім беру нысандарының шығындарына республикалық бюджеттен 982,1 млн. теңге бөлініп, мектептерге қажетті 90442 дана оқулық толығымен жеткізілген.

Алғашқы қоңырау сыңғырында сөз сөйлеген облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Байқоңырдағы бұл жаңалық үлкен жетістік екенін айтты.

Бүгінгі бастама Байқоңыр қаласындағы қазақ мектептерінде тәлім алатын оқушылардың өз елінің патриоты болып қалыптасуына септігін тигізеді. Бүгінде 6 мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге облыстық бюджеттен 200 млн теңге бөлінді. Облыстық білім басқармасының бюджетіне келесі жылдан бастап бұл мектептерді күрделі және кезекті жөндеулерге қажетті қаржы енгізіледі. Осы білім ошағында оқитын балалардың болашағы тәуелсіз елімізбен байланысты болады. Ата-аналар үшін бұл үлкен қуаныш, – деді облыс әкімі.

Бұдан әрі аймақ басшысы соңғы жылдар білім беру ісінде қол жеткізген нәтижелі жұмыстарды атап өтті.

– Биылдың өзінде Қызылорда облысында 22 білім нысанын салуға 6,5 миллиард теңге бөлінді. Жыл соңына дейін 19 мектеп пен 4 балабақша пайдалануға беріледі. Елбасының білім саласы бойынша берген тапсырмаларын Сыр өңірі жауапкершілікпен орындауда. Үш ауысымдық мектептер мәселесі өткен жылы шешілді. Енді Қызылорда облысында үш ауысыммен оқитын мектеп мүлдем жоқ.

АЙДЫНҒА АҚ ЖОЛ ТІЛЕДІ

«Сыр елі – жыр елі» демекші, жыршы Бидас Рүстембекұлы арнау айтып, ғарыш әлеміне самғағалы отырған қазақ ғарышкері мен жиналған көпшілікті рухтандырып тастады.

Жылы жүздесуден кейін Үкімет басшысының орынбасары Бердібек Сапарбаев пен облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған топ Байқоңырдағы көпсалалы емдеу орталығына аялдады. Бұл ғимаратты қазақстандық тарап осыдан бес жыл бұрын салып бітірген. Құрал-жабдықтармен толықтырылған. Емдеу мекемесі Қызылорда облыстық медицина орталығының филиалы болып тіркелді, екі ел тарабы өзара кейбір құжаттық мәселесін оңтайлы шешсе, орталық көп кешікпей іске қосылмақ.

Бұдан бөлек, Байқоңырдағы 6 мектеп биылдан бастап қазақстандық білім беру стандартына көшті. 2015 жылға аталған білім беру нысандарының шығындарына республикалық бюджеттен жеткілікті қаржы бөлінді.

Премьер-министрдің орынбасары жұлдызды қаладағы қазақстандық білім беру стандартына өткен ең үлкен білім ошағының бірі – А. Құнанбаев атындағы №273 орта мектептің жұмысымен танысты. Мұнда 800-ге жуық оқушы білім алады. Барлық сыныптар заманауи үлгіде жабдықталған. Оқушылар өз елінің тарихын оқып, өткенін танып өсетіндіктеріне қуанышты. Ал Бердібек Сапарбаев мектеп ұстаздарына өскелең ұрпақты халқымыздың



рухани-мәдени құндылықтарын ұлықтап, салт-дәстүрін құрметтеуге баулып, білікті де білімді азаматтарды тәрбиелеу керегін қадап айтты.

Биыл Байқоңыр қаласының іргесіндегі Ақай ауылында 280 орындық «Балдырған» балабақшасы ашылды, мектепке дейінгі білім беру мәселесі ауылда толығымен шешімін тапты. Бердібек Сапарбаев нысанды аралап көріп, бүлдіршіндердің өнерін тамашалады.

Осы ауылда 600 орынға арналған мектеп салынып жатыр. Құрылысы аяқталуға жақын. Жоспар бойынша қазан айында пайдалануға беріледі.

Сондай-ақ, Бердібек Сапарбаев бастаған делегация Қармақшы ауданы орталығы Жосалы кентінде орталық кітапхана және мұражайдың ашылуына қатысты. Бұл жерде

құнды жәдігерлерді қайта қалпына келтіруге арналған шеберхана мен кітаптарды сақтайтын бөлмелер бар. Кітап қоры 57 мыңнан асады. Бұдан басқа ғылыммен айналысушыларға және суретшілерге арнайы орындар қарастырылған.

Байқоңыр ғарыш айлағынан көкке көтерілер алдында «Союз ТМА-18М» кемесінің экипаж мүшелері Сергей Волков, Айдын Айымбетов, Андреас Могенсен жұлдызды қалашықта БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді.

«Команда дайын. Сапарымыз сәтті болады деп ойлаймын. Халықаралық ғарыш кешеніндегі жұмыс уақытымыз бен орналасатын орындарымызға дейін нақты белгіленіп қойған», – деді командир

Сергей Волков.

Айта кету керек, «Союз ТМА-18М» кемесінің бұл сапары біздің еліміздегі мерейтойлы мәзеттермен сәйкес келіп отыр. Сондықтан экипаж мүшесі Айдын Айымбетов ғарышқа Қазақстан көк байрағымен бірге, Қазақ хандығының 550 жылдығы мен КХА 20 жылдығына арналған туларды алып ұшады.

Халықаралық ғарыш стансасына дейін екі тәулік сапар шегетін экипаж құрамындағы полковник А.Айымбетовке маңызды тапсырмалар жүктеліп отыр. Ол аспан әлемінде ағартушылық сипаттағы және қазақтың ұлттық тағамдарына қатысты бірнеше тәжірибе жасауы тиіс.

Д.ОМАРОВ,
Б.ЕСЖАНОВ (сурет).
Байқоңыр қаласы.

ел болашағына сапалы білім беруді жетілдіруге деген құлшынысының айғағы.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 355 балабақша мен мектеп жаңындағы 256 шағын орталықта мектеп жасына дейінгі балалардың 49,5 пайызы, оның ішінде 3-6 жастағы балалардың 92,2 пайызы мектепке дейінгі білім берумен қамтылған. Республикада бұл көрсеткіш 78,6 пайызды құрайды.

Үстіміздегі жылы 555 орындық 5 балабақша, 520 орындық 11 шағын орталық, 2012 орындық 40 жекеменшік балабақша мен 17 балабақшада 342 қосымша орын ашу арқылы облыста 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі білім берумен толық қамту межеленіп отыр. Соңғы 4 жыл ішінде облыстағы мектепке дейінгі ұйымдар желісі 318 бірлікке өсті. Оның ішінде, балабақшалар желісі – 185, шағын орталық – 133, ал жекеменшік балабақшалар желісі 155 нысанға көбейді. Ендігі міндет – 1-3 жас аралығындағы бүлдіршіндерді бөбексай топтарында қамту мен мүмкіндігі шектеулі балалар үшін балабақшаларда арнайы инклюзивті топтар ашу.

Соңғы жылдары «Балапан бағдарламасы» аясында жекеменшік балабақшалар желісін кеңейту бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілді. Бүгінгі күні мемлекеттік тапсырыстан 66,0 пайызы жекеменшік балабақшаларға орналастырылған. Республикада бұл 28,5 пайыз.

Дәстүрлі тамыз кешенінің қарсаңында Сыр бойы тәжірибесінің негізінде ҚР білім және ғылым вице-министрінің қатысуымен «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту: жаңа сапа, жаңа көзқарас» тақырыбында республикалық форум өтті. Форумға қатысушылар өткізілген шараның маңыздылығын ерекше атап өтті. Форумның қорытындысы бойынша дайындалған ұсыныстар мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіруге септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Бүгінгі күні Сыр өңірінде жалпы орта білім беретін барлық мектептерде жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары толық аяқталды дегуге болады. Өткен оқу жылында облыста жалпы орта білім беру 292 мектепте жүзеге асырыла, биыл олардың саны 300-ге жетіп отыр. Яғни, осы уақытта дейін көршілес ел құзырында болып, Ресей Федерациясының стандарты бойынша білім беріп келген Байқоңыр қаласының 6 мектебі мен 1 балабақшасы үкіметаралық комиссияның ішкіміз негізінде шілде айында толығымен Қазақстан Республикасының қарамағына көшірілсе, облыс орталығында 900 орындық 2 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Жаңа оқу жылында байқоңырлық 5043 оқушы мен 1 сыныпқа қабылданып, 16500 баланы қоса есептегенде 134 мыңға жуық сыр-бойлықтар мектеп партастарында отыратын болады.

Өткен жылы облыста 21 білім беру нысанының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген болса, 2015 жылы білім нысандарының құрылысына 6,5 млрд.тенге бөлінді, бүгінгі күні облыс көлемінде 22 білім беру нысанының яғни 19 мектеп пен 3 балабақшаның құрылысы жүргізілуде.

Жаңа оқу жылының қарсаңында, яғни 14 тамыз күні құрылыста болған 9 мектеп пен 1 балабақша ҚР білім және ғылым министрінің қатысуымен бір күнде салтанатты түрде ашылды, пайдалануға берілсе, одан бөлек тағы 3 мектеп білім күні толығымен балалар игілігіне ұсынылды.

Мұнан басқа, өткен оқу жылы көп жылдар бойы жөндеу көрмеген

49 білім беру нысандарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болса, үстіміздегі жылы республикалық және жергілікті бюджеттен 413,5 млн. тенге қаржы қаралып, 2 мектеп пен 5 балабақшаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Облыста үш ауысымда білім беретін мектептердің мәселесі түпкілікті шешілген. Екі жылдың ішінде апатты жағдайдағы 25 мектептің 14-і қайта салынды, қалған 11 мектептің құрылысын келер жылы салу жоспарланған. Айтарлығы, жаңадан пайдалануға берілген 9 білім ошағы апаттық мектептердің орнына салынды.

Үстіміздегі оқу жылына жәкетті 889 466 дана оқулықты сатып алу үшін республикалық және жергілікті бюджеттен қаралған 652,3 млн. тенге қаржы толық игеріліп, барлық аудандар мен Қызылорда қаласы бойынша алынған оқулықтар мектептерге тасымалданып, оқушыларға толығымен таратылды.

Өткен жылы жергілікті бюджет қаржысына мектеп бітірушілердің Ұлттық бірінші тестілеуге даярлығы

ты бойынша оқуға қабылданды. Демек, биылғы түлектердің 43,4 пайызы мемлекеттік білім гранты негізінде оқумен қамтылды. Бұл – өте жоғары көрсеткіш.

Аймақ басшысының тікелей қолдауымен Жаңақорған ауданының табиғаты қолайлы аймағында орналасқан «Талдысу» облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы» соңғы жылдары жыл бойы жұмыс жасау жағдайына келтіріліп, ол мектеп оқушыларының игілігіне пайдалануына берілген болса, биылғы жылы Арал ауданындағы Қамбаш көлінің жағасында «Саут-ойл» компаниясының қаржысына пансионат ретінде салынған сауықтыру кешенінің оқушылардың оқу-сауықтыру орталығы ретінде пайдалануға берілуі балалардың жыл бойына қосымша білім алуына және сауығуына үлкен мүмкіндік туғызды. Сонымен бірге, барлық аудандардағы оқушылардың жазғы тынығу лагерлерінің де бірте-бірте жыл бойы жұмыс жасауға көшіру бағытында шаралар атқарылуда.

Елбасы Н.Назарбаевтың бес инсти-

БАСТЫ МАҚСАТ – БІЛІМ САПАСЫ



туционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында білім беру саласына Назарбаев университеті мен НЗМ-нің білім маңызын жаңарту бағытындағы технологиясын өңірлерге тарату және орта мектептердің жоғары сыныптарында жаратылыстану бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту, 12 жылдық білім беру жүйесіне біртіндеп көшу жөнінде нақты тапсырмалар берілгені мәлім.

Білім мазмұнын жаңарту бағытындағы 12 жылдық білім беру жүйесіне біртіндеп көшу бағдарламасы бойынша бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты сынақтан өткізілетін 30 эксперименттік алаңның ішінде Жалағаш ауданындағы №31, Қызылорда қаласындағы №2 «Мүрегер» мектептері бар. Эксперименттің талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіліп, қыркүйектен бастап аталған мектептердің 1-сынып оқушылары жаңа бағдарлама бойынша білім алатын болады.

Республикада алғаш болып Қызылорда облысы әкімдігі мен «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы» ААҚ арасында НЗМ-нің тәжірибесін аймақтағы білім беру жүйесіне таратуды қамтамасыз ету мақсатында меморандумға қол қойылып, оны жүзеге асырудың нақты жоспары бекітілді.

Осы мақсатта аймақ басшысының өкімімен облыс көлемінде 22 инновациялық мектеп желісі құрылып, оның 700-ден аса мұғалімі маусым-шілде айларында НЗМ ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығының арнайы білім жетілдіру курстарынан өтті. Аталған мектептердің оқу-зертханалық базасын заманауи қондырғылармен толық жарақтандыру үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті қолдау орталығымен инвестиция тарту жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

Өздеріңізге белгілі, Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында облыс әкімінің тікелей қолдауымен, Петро-Қазақстан АҚ-ның 538,72 млн. тенге демеушілік қаржысы есебінен салынған 20 га аумаққа орналасқан 8 коттеджден тұратын отбасы үлгісіндегі балалар ауылы пайдалануға берілген-ді. Сөйтіп, Сыр өңірі жетім балаларға арналған балалар үйі жоқ аймаққа айналды. «Атамекен» отбасы үлгісіндегі бұл ауылда 70 бала 8 отбасында тәрбиеленуде.

Облыстағы 32 колледжде аймақтың еңбек нарығына жәкетті 103 мамандықтан 157 біліктілігі бойынша 25 мыңға жуық студент білім алып, оның ішінде, жыл сайын 3500-ге жуық студент облыстың еңбек ресурстары базасына сәйкес мемлекеттік тапсырмалар негізінде оқуға қабылданып келеді. Колледжде бітірушілердің 65,7 пайызы, оның ішінде, мемлекеттік тапсырмалар негізінде білім алып бітіргендерден 70 пайызы тұрақты жұмыспен қамтылып келеді. Облыстық білім басқармасы республикада алғашқы болып, облыстық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп колледждегі білім беру қызметін корпоративті басқарудың пилоттық жобасын даярлап, ол Қызылорда индустриялық-техникалық колледжіне сынақтан өтуде.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Тек жер байлығына сеніп қалуда болмайды. Ең алдымен ел байлығына сену керек» дегендей ел байлығы – білімді де жасамыз, отанымызды рухты өскелең ұрпақ тәрбиелеп жүрген барша ұстаздары білім мерекесімен құттықтай отырып, зор денсаулық, сарқылмас қуат пен шығармашылық шабыт тілеймін.

Бақытжан САЙЛЫБАЕВ,
облыстық білім басқармасының басшысы.

БАЙҚОҢЫР: АРМАНҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН КҮН



Апаттық жағдайдағы мектептерді 2016 жылға дейін толық жаңалаймыз. 2013 жылы облыста 25 апаттық мектеп болса, оның 14-і қайта салынып, қалған 11 білім ошағын келесі жылдың соңында бітіруді жоспарлап отырмыз. Елбасы 2020 жылға дейін «Балапан» бағдарламасын толық жүзеге асыруды тапсырған болатын. Ал біз жыл соңына дейін балаларды 100 пайыз балабақшамен қамтып, бағдарламаны бекітілген уақытынан бұрын аяқтаймыз, – деді Қырымбек Елеуұлы.

Соңғы екі жылда Қызылорда облысы республика бойынша әлеуметтік салаға көп қаржы бөлетін аймақтардың көшін бастап келеді. Бұл жұмыстардың нәтижесінде де жоқ емес. Биылғы оқу жылында ҰБТ қорытындысы бойынша Сыр өңірі 13-орыннан алдыңғы бестікке көтерілді.

Салтанатты шарада аймақ басшысы мектеп табалдырығын жаңа аттаған балаларға Елбасы сыйы – «Менің Отаным – Қазақстан» кітабын тапсырды. Аса көркем суреттер-

мен безендірілген кітапта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері, «Мәңгілік ел» ұлттық бағдарламасы жөнінде айтылады. Мектеп есігін ашқалы отырған балдырғандар елордамыз – Астана, Алматы қаласы және әр аймақ туралы толық таныса алады. Сондай-ақ, шығармалар бірінші сынып оқушылары Қазақстанның табиғаты мен климаты, біздің республикамыздың әсем өңірлері жайлы жан-жақты білетін болады. Тағы бір ерекшелігі – Қазақстанның мақтанышы – Байқоңыр кешеніне арнайы бет берілген. Бөлек бөлім Қазақ хандығының 550 жылдығына және қазақ халқының ағартушыларына арналып отыр.

Ал бұған дейін ресейлік білім беру бағдарламасымен дәріс берген ұстаздар енді қазақстандық стандартқа көшкеніне аса қуанышты.

– Бұрын бастауыш сынып оқушыларына «Менің Отаным – Ресей» деп оқытуға мәжбүр болатынбыз. Қазір “Менің Отаным – Қазақстан”, менің Президентім – Нұрсұлтан Назарбаев” деп оқытамыз. Бұл балалардың бойына отансүйгіштік қасиетті бекіте түседі сөзсіз. Жаңа стандарт бойынша ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді. Оны абыроймен атқарамыз деп сендіремін, – дейді мұғалім Жаннат Әнесова.

Жетінші сынып оқитын Елдос Әбілов қазақ тарихын оқитынын айтып, жүзі бал-бұл жанды. “Еліміздің, Елбасының үкілеген үмітін ақтаймын, болашақта Айдын Айымбетовтей ғарыш әлеміне самғаймын” деген арманын жеткізді. Ал ата-ана Кәріма Жылқыбаева осы күнді ұзақ күткенін айтты.

– Арманым орындалды. Немерелерім өз Отанын ұлықтайтын болады. Енді ұрпағымын болашағына күмәнмен қарамаймын. Бүгін – біз үшін үлкен дүбірлі той. Елдіктің тойы. Патриоттық рухтың асқақтаған, абыройы аспандаған күні, – деді ол.

Дәурен ОМАРОВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).
Байқоңыр қаласы.

ШІРКЕЙЛІДЕГІ ШӘКІРТТЕР ШАТТЫҒЫ

Білім күніне орай Сырдария ауданы Шіркейлі ауылында 600 орындық жаңа мектеп пайдалануға берілді. Білім ошағының ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлы, аудан әкімі Ғ.Қазантаев, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н. Байқадамов және ауыл тұрғындары қатысты.

Салтанатты шараның шымдылығы «Шашу» би тобының «Қазақ биі» орындауымен түрілді. Құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлы, жаңа нысанның алдағы уақытта

білім жүйесін дамытуға тың серпіліс беретін орталыққа айналуына тілектестігін білдірді.

– Үстіміздегі жылы Мемлекет басшысының ел Үкіметі мен облыс әкімдеріне берген тапсырмасына сәйкес, облыс бойынша білім саласында қиуар жұмыстар атқарылды. Жақында Білім және ғылым министрі А.Сәріпжіпов облысқа жасаған жұмыс сапарында аймақтағы білім беру үдерісінің даму көрсеткіштеріне оң бағасын берді. Сырдария ауданы Шіркейлі ауылында бой көтерген сәулетті мектептен болашақта еліміздің өсіп-

өркендеуіне үлес қосатын азаматтар шығады деп сенемін. Мектептің ашылу салтанаты құтты болсын!,- деген Рауан Кенжеханұлы, облыс әкімдігі атынан мектеп ұжымына түрлі-түсті теледидар тарту етті. Мұнан соң заманауи техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталған №129 Ә.Жәмішев атындағы мектептің пайдалануға берілуіне аудан әкімі Ғ.Қазантаев пен «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Байқадамов сөз сөйлеп, жаңа мектеп білімнің қасиетті қара шаңырағына айналуына тілектестігін білдірді. Қадірлі қонақтардың құттықтау сөзінен кейін білім ошағының лентасы салтанатты түрде кылды.

Шарада қонақтар мен ауыл тұрғындары жаңа мектептің ішін аралап, білім ошағының техникалық базасымен, спорт залымен, асханасымен және оқу шеберханаларымен танысты. Мектеп құрылысын жүргізген «Айдан» құрылыс компаниясы республикалық бюджет есебінен бөлінген 867 млн.тенге қаржыны толығымен игерді.

Сонымен қатар, ауданда биылғы жылы мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінің мәселесін түпкілікті шешу қолға алынған болатын. Осыған орай, Қалжан ахун ауылындағы «Гүлдер» балабақшасы мен Қоғалықол ауылындағы 140 орындық балабақша ғимараттарына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Осылайша, Сырдария ауданы биылғы жылдан бастап балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту көрсеткішін 100 пайызға жеткізіп отыр.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Сырдария ауданы.



ры кітапхана қорына Жалағаш ауданы мен Қаракеткен ауылының тарихы ашықталып жазылған көптеген еңбектерді тарту етті.

Ал аталған білім ошағының түлегі Қуандық Мәнбаев бүлдіршіндерге арнайы ойын алаңын салып берді. Мерекелік кеште алаңның ашылу салтанаты болып, бүлдіршіндердің алғашқы білім күніне ауқымды сый жасалды. Шара барысында ауыл тұрғындары мен мектеп ұстаздары Қуандықтың өнегесінен өскелең ұрпақ үлгі алып, келешекте ауылдың гүлденуіне өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.

– Алғашқы Білім күніне орай ауылымызда бас қосып, өзіміз түзеп

ұшқан мектепке сый жасап жатқан жайымыз бар. Жалпы түлектер жыл сайын білім ошағына кәделі сый жасауды дәстүрге айналдырып отыр. Туған жерге деген әркімнің өзінің патриоттық сезімі болса, ауыл жыл сайын көркейдеп деген сенімдемін. Алтын уа мектебімізге деген сый-сияпатымыз мұнымен шектелмейді, – деді ол.

Салтанат соңында аудан әкімінің орынбасары Ө.Елеусінов шараға қатысушыларға ризалығын білдірді. Ауылдағы алғашқы Білім күні оқушылардың мерекелік концертіне жалғасты.

Кеңжетай ҚАЙРАҚБАЕВ,
Жалағаш ауданы.

Сыбайлас жемқорлық – бұл қоғам дерті. Өйткені ол экономиканың дамуына кедергі келтіреді және халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімсіздігін тудырады. Сондықтан да елімізде аталмыш дертке қарсы күрес өрши түсуде. Дегенмен, оның тамырына балта шабу оңай болып тұрған жоқ. Сыбайлас жемқорлықтың көрсеткіштері мемлекеттік сатып алу саласында жоғары болып келеді. Көптеген мемлекеттік сатып алулар жағдайларында бюрократиялық рәсімдер, конкурстық шарттар, квалификациялық талаптар нәтижесінде өз адамдары жеңіп жатады. Нәтижесінде конкурстың басты мақсаты жоғалады – мемлекет қаражатының оңтайлы және тиімді жұмсалуды, бәсекелестік, ашықтық қамтамасыз етілмейді.

Қырымбек Елеулы Қөшербаев аймаққа басшылыққа келгеннен кейін Бас прокуратураның 2008-2012 жылдар аралығында Қызылорда облысында мемлекеттік сатып алу саласына жүргізген тексерудің қорытындыларымен танысты. Осыдан кейін осы саладағы келеңсіздіктерді азайту, заңсыздықтардың алдын алу мақсатында жұмыстарды бастады.

Осы орайда Қызылорда облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Ғалымжан Ниязовпен болған сұхбат барысында саладағы заң бұзушылықтардың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайы сөз болған еді.

– Ғалымжан Мұқарұлы, мемлекеттік сатып алу саласында арнайы құрғамын құрудың себептері неге?

– 2013 жылдан бастайтын болсам, облыс басшысы жағдайды саралап, осыдан кейін облыстық құрылыс басқармасын мемлекеттік сатып алудың бірінғай ұйымдастырушысы ретінде айқындады. Басқармаға қосымша 6 штат бірлігі беріліп, мемлекеттік сатып алу бөлімі және құқықтық бөлімдері құрылды. Құрылыс басқармасы бірінғай ұйымдастырушы болып айқындалғаннан кейін конкурстық комиссия құрамында тапсырыс берушілер қызметкерлері де кіретін болды. Бірінғай ұйымдастырушы солармен бірлесіп, 21,4 млрд теңгені құрайтын 224 конкурс өткізді. Оның 92-і құрылыс жұмыстарына, 89-ы жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге және 43-і техникалық қадағалауға қатысты болды. Әлеуетті өнім берушілердің арасында бала салыстыру бәсекелестігі нәтижесімен 175,5 млн теңге бюджетке үнемделді.

Келесі жағдайларға тоқталып өтсем, 10 мекеме 12 жалған банктік кепілдікті және 10 мекеме 11 жалған СТ-КЗ сертификаттарын ұсыну фактілері бойынша жинақталған құжаттар сот, қаржы полициясы және ішкі істер органдарына жолданды. Шарқта сәйкес құрылыс жұмыстарын уақыттылы бітірмеген 28 және жоғары мерзімде әзірлемеген 40 мердігерге қатысты сотқа 141 талап арыз беріліп, нәтижесінде бюджетке 815,2 млн теңге өндіру туралы сот шешімі шығарылды. 8 мекеме мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылды.



Елбасы тапсырмасына сәйкес 2014 жылдың 29 қаңтарында сонау 2007 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына өзгерістер енгізілді. Облыс басшысының қолдауымен Мемлекеттік сатып алу басқармасы республикада бірінші болып біздің облыста құрылып, өткен жылдың қыркүйек айында жұмысын бастады. Тапсырыс берушілер өз өнімдерін бойынша басқарманы ұйымдастырушы ретінде айқындап, конкурстарды бірігіп өткізу тәжірибесі қалыптасты. Сонымен қатар, облыс әкімі жыл басында басқарманы бірінғай ұйымдастырушы ретінде айқындады.

– Жұмысты неден бастадыңыздар, штат бірлігі қалай болды?

– Алдымен басқарманың заң бұзушылықтардың алдын алу үшін атқарған жұмыстарына тоқталып өтсек, заңнама талаптарын түсіндіру мақсатында тапсырыс берушілердің мамандары үшін 2014-2015 жылдары жүйелі түрде облысқа Қаржы министрлігінің мамандары шақыртылды және басқарма қызметкерлері аудандарға іс-сапарға шығып семинар-кешендер өткізді. Мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау орталығымен келісіп, қала, аудандарға қарасты бөлімдердің және облыстық басқармалардың мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандары шақыртылып, лекциялар оқылды. Тапсырыс берушілердің мамандарын басқармаға шақырып, конкурстар өткізу бойынша практикалық түрде тәжірибе алмастық.

Басқарма ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі азаматтар, мүгедектер ұйымдары «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы, қаржылық бақылау инспекциясының қызметкерлері, кәсіпкерлер палатасы, құрылысшылар ассоциациясы, тапсырыс берушілердің басшыларының қатысуымен мәжілістер мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Жергілікті телеарна арқылы тікелей эфир ұйымдастырылып, сұрақтарға жауаптар берілді. Саладағы заңдар жиынтығы, шарттарды әзірлеу жобасы, критерийге сәйкес әдістемелері диск түрінде шығарылып, барлық тапсырыс берушілерге таратылды. Қала

мен аудандар бойынша 15 штат бірлігі берілді. Құзырылы және уәкілетті органдардың тексеру қорытындыларына сәйкес, облыс әкімі заңнама талаптарын сақталуын күшейту мақсатында шілде айында кураторлық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша 4 штат бірлігі берілді. Сөбебі, кураторлар тапсырыс берушілер өздері өткізетін конкурстардың жариялануына қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Салада енгізіп жатқан жаңалықтарыңыз туралы айтып өтесіз.

Тапсырыс берушілердің бірінші басшыларының және қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру мақсатында, мемлекеттік сатып алу қағида-сында конкур (аукцион) төрағасы тапсырыс беруші мекеме басшысының бірінші орынбасарынан төмен болтамыз керек деп жазылған. Облыс әкімі өз хаттамасында конкур төрағасы бірінші басшы болу керек деп міндеттеді. Бұл, әрине, жауапкершілікті арттыру мақсатында жасалып отырған қадам. Осы жерде облыс әкімінің өз екі конкурсқа төраға болып, өткізгенін айта кеткен жөн.

Біздің тарапымыздан енгізілген жаңа бастамалардың бірі тауар мен қызметті сатып алуға техникалық ерекшеліктерге қатысты. Дайындалған техникалық ерекшелікті бекітетін бірінші тұлға немесе оның міндетін атқарушы болатын болды. Сонымен бірге техникалық ерекшелікті дайындаған тұлға мен бюджеттік өтімділі әзірлеген тұлға да жауапты болады. Бұл сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағадан жоғары сомаға алынбауы үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында жасаған кезекті қадамымыз.

Мысалы, Қаржы министрлігіне қарасты Қаржылық бақылау комитетінен де жауап хаттар алдық. Яғни, жобалық-сметалық құжаттамада 50-ден астам арнаулы техникалар тізбесі берілген. Осы жағдайда, бас жобалаушы мен тапсырыс беруші талап бекітіліп және келісілген кейбір немесе жоқ техникаларды алмастыратын техникалар атауы және нақты саны ұсынылды.

Келесі енгізіген жаңалықтарымыз біліктілік талаптарына қатысты. Мысалы, құрылыс компаниясы соңғы 10 жыл ішінде атқарған жұмыстары бойынша біліктілік талаптарында жұмыс тәжірибесін көрсетеді. Мұндай жағдайда бюджеттік нысан болса мемлекеттік қабылдау актісін, жеке нысан болса, қабылдау актісінгі көшірмелерін конкурстық өтініммен бірге ұсынуды сұралдық. Ол актілердің көшірмесін ұсынбаға балл есептелмейді.

Сол сияқты, комиссия құрамының 5 мүшесіне қатысты енгізіген өзгерістерімізге тоқталып өтейін. Тапсырыс беруші жақтың дауыс басым болуы үшін, ол жатқан 3 қызметкер: төрағалығына бірінші басшы, мүшелігіне 2 маман болуын талап етудеміз. Қалған 2 мүшесі біздің басқарма қызметкерлері болуға. Тіпті соңғы кезде аудандарда өткізілетін конкурстарда біздің басқарманың бір қызметкері комиссияға мүше болып қатысады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында электрондық бағдарлама жасақтау тапсырыларын болатын. Осыған байланысты мемлекеттік сатып алу заңының 6-бабы, 1-тармағының, 1-тармақшасына сәйкес конкурстық комиссия мүшелерінің және тапсырыс берушілердің комиссия құрамына кірмейтін орынбасарларының, конкурса қатысқан әлеуетті өнім берушілердің басшыларымен туыстық жағынан, яғни, жұбайы немесе зайыбы және

жекжаттық қатынастарын анықтайтын бағдарламаны әзірлеп, пилоттық режимде іске қостық. Бұл бағдарламаны бюджеттің бір тиынын да жұмсамай, өзіміз жасап шығардық. Бағдарламаны орындау үшін «Екее және отбасы» заңына сай комиссия мүшелері мәліметтері өз еркітерімен толығрады. Қосымша бағдарламаның ерекшеліктері бізбен орындайған әрбір төленген төлем құжаттары және мемлекеттік қабылдау актісінгі көшірмелері өткізіп салынады.

Басқарма тарапынан «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы мен ережесіне қатысты Қаржы министрлігіне 10-нан астам ұсыныс беріліп, соның 4-і қабылданды, сонымен қатар Қаржы, Денсаулық сақтау және Әлеуметтік даму министрліктеріне, Ұлттық экономика министрлігінің құрылыс комитетіне, Әділет министрлігінің сот актілерін орындау департаментіне 57 сұрақ жолданып, қазіргі уақытта 42 жауап алынып, жұмысқа пайдалану үшін тапсырыс берушілерге таратылды.

Мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында қандай жұмыстар жасалауда?

– Заң бұзушылықтардың алдын алу үшін барлық тапсырыс берушілерге келесідей төрт түрлі іс-шараларды қосымша ұсындық. Атап айтқанда: бірінші, бір конкурсты өткізу үшін тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысты мамандары мен комиссия мүшелері кемінде жиырма түрлі нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын білуі керек. Ол үшін салаға жауапты мамандар үнемі іденістен болып, тәжірибелерін жетілдіріп, заңнамаларға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды үнемі зерттеп отыру қажет. Сондықтан, қала, аудан әкімдеріне және басқарма басшыларына конкурсты ұйымдастыруды білікті мамандарға жүктеу қажет.

Екінші, тапсырыс беруші бюджеттік өтімділі, сол сияқты жылдық қаржы жоспарын әзірлейді және оны бекітеді, қажет болған жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Бірақ, көптеген тапсырыс берушілер жылдық жоспарды әзірлегенде қаржыны бөлу және оның орындалу мерзіміне жауапсыз қарайды. Мысалы, бір конкурсты бойынша Веб-порталға жариялағаннан бастап, түпкілікті шешім қабылдау үшін 41-45 күн кететінін, ал мүгедектер үшін ұйымдастырылатын конкурстарға мүгедек ретінде тіркелген өнім беруші қатыспаса 61-65 күнге дейін уақыт кететінін ескермейді. Нәтижесінде қаржыны игеремін деп, заңға қайшы шешімдер қабылдануына жол беріледі. Осыған байланысты тапсырыс берушілерге жылдық жоспарды, сол сияқты оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді басқарма қызметкерлерімен бірігіп дайындауды әзірлеуді ұсындық.

Үшінші, заңға сәйкес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты техникалық ерекшеліктерді жасақтау үшін немесе үздік техникалық ерекшеліктерді анықтау үшін тапсырыс берушілерге сарапшы тарту құқығы берілген.

Төртінші, конкурстық комиссия құрамы бойынша ауылдық округтердің көпшілігінде конкурстық құжаттамаларды заңгерлердің орынына есепшілер, ал ауданға қарасты жекелеген бөлімдерде экономистер әзірлеуде. Бұдан бөлек, штатта мемлекеттік қызметкерлер болмағаннан кейін тапсырыс берушілер конкурстық комиссия мүшелігіне штаттан тыс инспекторларды кіргізу көптеп кездеседі. Олар лауазымды тұлға болып саналамына байланысты

зандық қабылданған шешімдер үшін жауапқа тартылмайды. Оның салдары бюджет қаржысының тиімді және оңтайлы жұмсалмауына әкелі соғады. Осыған байланысты қала, аудан әкімдеріне ауылдық округтерде және бөлімдерде өткізілетін конкурстар құжаттарын жасақтауды заңгерлерге жүктеуді ұсындық. Сонымен қатар, конкурстардың төрағасына ауылдық округтың әкімін, аудандық бөлімнің бірінші басшысын, орынбасарына заңгері, мүшелеріне лауазымды тұлғалардың тағайындалуын қамтамасыз етуді ұсындық.

Жаңа бір тәсілде облыс әкімі жақында болған мемлекеттік сатып алудың электрондық екі конкурсына төрағалық етті дедіңіз. Соған келірек тоқталып кетесіз.

Бірінші конкурстың атауды Жанакорған ауданы Аккорған ауылдық округі Түгікес ауылында дәрігерлік амбулатория құрылысын жүргізу. Тапсырыс беруші облыстық құрылыс басқармасы. Оған 10 әлеуетті өнім беруші қатысып, нәтижесінде «Аман-Құрылыс» ЖШС жеңімпаз атанды. Конкурста мемлекет ұсынған бағадан 4 млн теңге бюджет пайдасына үнемделді.

Екінші, мүгедектерге санаторлық емделу қызметіне ұсынуға қатысты. Тапсырыс беруші облыстық жұмыспен қамтулы үйестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы. Осы конкурста қызметтің ұсынушыларға қойылған талаптарды келтіріп өтейін. Көпқабатты ғимарат болса жолалушылар лифтісінгі және пандусының болуы. Ескі жатақуаларының ені кемінде 90 см-ден кем болмауы. Бөлмелерінің табалдырықсыз болуы. Мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересектердің тұрғылықты жерінен емделу орнына баруды және қайтуды транспортпен қамтамасыз ету. Күнне 5 рет диетолог маманның бақылауымен әзірлеген тамақтану болу. Сондай-ақ, нақты гастроэнтеролог, терапевт, диетолог, педиатр, невролог, хирург, кардиолог, ревматолог, мануалды терапия, массажист, медбикелер қамтамасыз етілуі және білім рәстайтын құжаттардың болуы. Жоғарыда келтірілген талаптар бұрынғы конкурстарда қойылмаған еді. Міне, осы талаптар үлесіне шыққан «Зеленый бор» ЖШС жеңімпаз болды. Онда тыныс жолдары дерті бар мүгедектер ем алады. Келесі лот бойынша «Денсаулық» ЖШС жеңімпаз болды. Конкурстың нәтижесімен мемлекет пайдасына 12,8 млн теңге үнемделді.

Сонымен қатар, облыс аумағы бойынша 2014 жылдың 9 айында мүгедектер қоғамдық бірлестіктерінің жеңімпаз болған мемлекеттік сатып алу сомасы 91,7 млн теңгені құраса, ағымдағы жылдың алты айында бұл көрсеткіш 107,4 млн теңгені құрады.

Құрылыс саласы бойынша айта кетейін, 2013 жылдан бері өткізілген мемлекеттік сатып алу конкурстары бойынша дау-дамай, арыз-шағымдар азайды. Құрылыс нысандарының барлығы дерлік уақыттылы пайдалануға берілуде. Бұл облыс әкімінің тапсырмасына сай, заңдылық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жасалып жатқан жұмыстар нәтижесі деп ойлаймын. Жалпы бұл жұмыстардың барлығы заң бұзушылықтардың алдын алу, конкурстардың ашық және бәсекелестік жағдайда өтуі үшін жасалып жатыр.

– Сұхбатыңызға рәхмет!

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1. Анықтама үшін телефондары: 8(7242) 605547, факс 8 (7242) 605441 info@shk.org.kz. «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазыма орналасту конкурсы жарияланды.

1. Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкерінің 2016 жылдың 8 сәуірінде дейін бала күтіміне арналған демалыс уақытында (D-0-4 санығы №01-7-2, 1 бірлік), Лауазымдық жалмамы мемлекеттік қызмет өтінімі қарай 4463 теңгесін 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Басқарманың мемлекеттік органдарға құқықтық қамтамасыз ету тиімділігі бағалауға мониторинг жүргізу.

Басқарманың нормативтік құқықтық актілерінің қолданыстағы заңнамаларға сәйкес ресімделуіне жауапты болды. Бұйрықтарды, ережелерді, жарғыларды, шарттарды, келісімдерді, құқықтық тәртіптегі өзге де құжаттарды дайындауға қатысады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу жұмыстарын (жылдық жоспар, есептерін талпыру) ұйымдастырды және өткізеді, тиісті органдарымен мемлекеттік сатып алу шарттарын әзірлейді. Басқарма қарамағындағы ұйымдарына құқықтық және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді.

Сотта және өзге де органдарда белгіленген тәртіп бойынша басқарманың мүдесін білдіреді. Құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою және азаматтардың құқықтық тәртібі жетілдіру жөніндегі шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Оз құқыреті шеңберінде басқарма қарамағындағы ұйымдардың және ведомстволарының қызметтерін үйлестіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі» іс-шараларын орындауын қамтамасыз ету осыған байланысты тиісті мәліметтерді мерзімде тапсыру.

Өз қызметінің шектеуінде басқарма басшысына қол қоюға ұсынылатын құжаттарға бұрыштыма мен қол қою.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу жұмыстарын (жылдық жоспар, есептерін талпыру) ұйымдастырды және өткізеді, тиісті органдарымен мемлекеттік сатып алу шарттарын әзірлейді.

Үйіткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Әлеуметтік жағдайлар, экономика және бәсекелестік (экономика немесе мемлекеттік және жергілікті басқару немесе мекемеден) немесе құқық (құқықтан) мамандығы бойынша жоғары білімі.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі кәсіптік көрсету, экономика және басқару (экономика, менеджмент), құқық (құқықтан) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Еже және заңды тұлғалардың өтініштерін қару тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандығына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. Етімілік және осыдық қорғау бөлімінің бас маманы (D-0-4 санығы №01-2-3, 1 бірлік), Лауазымдық жалмамы мемлекеттік қызмет өтінімі қарай 4463 теңгесін 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Еңбек тәртібін бұзбау, берілген тапсырманы уақыттылы және өз дәрежесінде орындау.

Осыдық шаруашылығын химияландыру және фитосанитариялық қауіпсіздік саласына қатысты ұсыныстарды білім басшысының қарауына енгізу.

Бюджеттік қызметкерлерге қатысты заңнамалардың қолданыстағы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштардың құнын арзандатуды жүзеге асыру.

Бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге гербицидтердің құнын арзандатуды жүзеге асыру.

Аудан, қала бойынша гербицидтер (фунгицидтер, тұқым дағамалар) минералдық тыңайтқыштарға қажеттілігін анықтау, олардың өсімі жүргізіп, жоғары орғанға мәлімет ұсыну.

Отандық тыңайтқыш өндірісін заңнамалармен және жеткізушілермен ауыл шаруашылығы тауар өндірістері арасында байланысты үйлестіру.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізім мен тәртіпке сәйкес аяндай органдармен қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету.

Қорыған ортаға қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (ұлы химикаттарды) заңсыздығын жоюға қатысты жұмыстарды ұйымдастыру.

Осымдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Арнайы саяси орындарын (комитеттерді) салу, тиісті жағдайда күтіп-ұстау және қолдау.

Міндеттер:

- пестицидтерді (ұлы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);

- пестицидтерді (ұлы химикаттарды) өткізу;

- пестицидтерді (ұлы химикаттарды) аэрозольмен және фунигацисмен тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау.

Қарантінді объектілердің таралуының себепін жүргізеді және уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпарат береді;

Осымдіктер қарантін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

СӘН-САЛТАНАТЫ КЕЛІСКЕН МЕРЕКЕ

Конституция күні облысымызда бар сән-салтанатымен аталып өтілді. Орталық алаңға жиналған халық арнайы дайындалған мерекелік кештің куәсі болды. Әншілер әнінен шашу шашып, бишілер мың бұрала, дөңгенің биледі. Тұрғындарды құттықтай келген қала әкімінің орынбасары Айдын Қайруллаев жылы лебізін жолдады.

Жиналғандар ұйымдастырылған ойындарға да белсене ат салысты. Аркан тартып, күштерін сынга салды. Сондай-ақ, мергендігін сынап, асық ойнады. Кішкентай балақайлар да мерекеге өз үлестерін қосты. Олар Конституция күніне деген тартуларын суреттері арқылы жеткізді. Мұндай шаралар ауыл-ауылда жалғасын тауып, мерекелік көңіл күй барлық аудандарда сезілді.

Шауқты мереке қалалық оқу-әдестемелік орталығының саябағында да жалғасын тапты. Онда жиналған жастар жанды музыка тыңдап құлақ құрыштарын қандырды. Тыңдармандарын жаңашыл дүниемен қуантқылары келген «Мереке», «Сыр самалы», «Остров» топтарының өкілдері джем сейшнс стилінде әуендер ұсынды. «Мереке» тобының аранжировщиці әрі композиторы Сәбит Ұлықпаңұлының айтуынша, джем сейшнс – бірнеше өнер топтарының еркін стилде ойнайтын музыкалық импровизациясы. Яғни бұрын танылып, ел арасында айтылып жүрген әр бағыттағы әуеннің бір арнада тоғысуы. Осылайша, музыканттардың өнерін тамашалаған тыңдармандар жаңа стилдегі әуендерге ерекше ықылас танытып жатты. Тіпті кейбірі бой сергітіп, билеп те алды.

М.ҚОЖАХМЕТОВА.

АТА ЗАҢДЫ АРДАҚТАЙДЫ

Аралда Конституциямыздың 20 жылдығы кең көлемде аталып өтілді. Ұлағатты шарада Ата Занымыздың беріктігі, өміршендігі тақырыпқа арқау болды. Әнұранымыз көкке шарықтағанда баршаның көңілі зенгір аспанға қалықтағандай сезімге бөленді. Салтанатты жиында сөз алған аудан әкімі Абзал Мұхимов Конституциямызда жазылған барлық құндылықтар халықты бірлікке шақырып, жарқын келешекке бастайтынын, әрбір қазақстандық осынау Ата Заңға арқа сүйей отырып, баянды болашаққа сеніммен көз тігетінін зор толғаныспен жеткізді.

Мерейлі шарада еңбек озаттары, сала мақтаныштары марапатталды. Мемлекеттік қызметкерлер көпшілік алдында ант берді. Мерекелік кеш соңы аудандық мәдениет үйі өнерпаздары ұйымдастырған концерттік бағдарламаға ұласты.

АҚЕСПЕДЕ ЖАҢА МЕКТЕП

Қосаман ауылдық округіне қарасты Ақеспе елді мекенінде жаңа мектеп ғимараты пайдалануға берілді. Конституция күні қарсаңында, жаңа оқу жылы басталар шақтағы мұндай тартуға ауылдағы ағайын дән риза. Көпшіліктің қуанышымен ортақтасқан облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев Президентіміздің дәстүрлі Жолдауында білім саласына ерекше көңіл бөлінгендігіне, мұндай көрініс біздің облысқа да тән екендігіне, тек соңғы жылдардың өзінде Сыр өңірінен көптеген білім ордаларының бой көтерінеіне тоқтала келе, жаңа мектеп жаңаша жұмыс жасайтын нағыз білімнің ордасы болсын деген тілегін білдірді.

Көрікті ғимаратта 50 орындық мектеп пен 20 орындық балабақша орналасқан. Ақт залы, асхана, кітапхана, спорт залы, сынып бөлмелері, мультимедиялық, психолог-логопед, өзге де кабинеттермен, қажетті құралдармен толық жабдықталған. Мектептің құрылыс жұмыстарымен айналысқан «Бо-Муру» басшысы Нұрлан Сейділханов ғимарат кілтін мектеп директоры Рабига Сейітмағамбетоваға табыстады. Қонақтар мен ауыл тұрғындары білім ордасының ішін аралап, ғимаратпен танысты.

АУЫЛДАН ЖЕТКЕН АРЗАН ӨНІМ

Конституция мерекесі қарсаңында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілді. Оған аудан көлеміндегі ауылдық округтер ұйымшылдықпен қатысты. Жәрмеңкеде Саздыңны қойы мен тоқтысы, Мергенсай, Шижаяғаның сүт, айран, құрт, ірімшігіне сұраныс жоғары болды.

Сондай-ақ, қаладан саудаға түскен «Аралым» ұны, сиыр, жылқы еті, қазы, балық түрлері, бақша дақылдары, көкөністер нарықтағы бағадан 10-15 пайызға төмен сатылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

БІЛІМ ҚУҒАН ЖАСТАР САПАРҒА АТТАНДЫ

Бүгінде білім іздеген жастарға жол ашық, мемлекет тарапынан да қолдау ерекше. Түрлі жеңілдіктер қарастырылған. Қолға алынғанына аз ғана уақыт болған «Серпін-2050» бағдарламасы да осы мақсатта жұмыс жасап жатыр. Тегін оқу, жайлы жатақхана, тіпті кейбір оқу орындары тегін тамақ пен киім-кешек алуға көмегін ұсынып жатыр. Бұл бастама өнтүстіктің ізденімпаз өрендеріне үлкен мүмкіндік, ата-аналарға қаржылық қолдау болды десек, артық айтқандық емес.

Сенбі күні осындай бір топ жасқа облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сайлыбаев, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Мемлібаев, «Серпін-2050» бағдарламасының Қызылорда облысындағы үйлестірушісі Жасұлан Серіков ақ жол тілеп, шығарып салды. Жүрекерті лүпілдеп, алып-ұшып тұрған болашақ студенттердің жүзі бал-бұл жанып тұр. Қуаныштарында шек жоқ. Соның бірі – Мадина Шізат. «Семей мемлекеттік құрылыс» колледжіне оқуға түскен ол болашақ құрылысшы.

– «Серпін-2050» бағдарламасы мен секілді жастардың білім алуына, келешек қалаған мамандық иесі атануына үлкен мүмкіндік ашты. Біз соған сай келешекте жақсы оқып, өз саламыздың шебер маманы болуға уәде береміз. Әр қалаға білім қуып кетіп бара жатқан замандастарыма сәттілік тілеймін, – дейді ол.

Сол күні Мадина секілді 200 бала Семей, Өскемен, Петропавл, Қарағанды, Торғай, Жезқазған қалаларына оқуға аттанды. Олардың барлығы білім грантының иегерлері, келешек бір-бір саланың майталманы.

Айта кетейік, аталмыш бағдарлама негізінде тағайындалған гранттың басым көпшілігі қызылордалық түлектердің еншісінде. Біздің аймақ, балаларды қамту жағынан өзге облыстардан көш ілгері тұр. Мәселен, «Серпін-2050» бойынша жоғарғы оқу орнына 1005, ал колледждерге 850-ден астам бала ақысыз негізде оқуға қол жеткізген.

М.ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.

2015 жылдың 1 қыркүйектегі мүлікті жария етуге байланысты есептіліктің қорытындысы

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	337	1
Қармақшы ауданы	72	2
Жанақорған ауданы	70	3
Қазалы ауданы	70	3
Жалағаш ауданы	37	4
Шиелі ауданы	34	5
Арал қаласы	17	6
Сырдария ауданы	15	7
Арал ауданы	10	8
Қазалы қаласы	7	9

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке сот орындаушы Оспанов Жандос Медетбаевич (мемлекеттік лицензия №1783 07.04.2015 ж.) заңды және жеке тұлғаларға сот шешімі негізінде шығарылған атқару құжаттары бойынша мына мекен-жайда қызмет көрсетеді: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі №47 үй, 103-кабинет. Байланыс тел.: 8 778 935 49 78.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Артықбаева Рая Тұрсынбайқызының атына Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы, Қожамберді ауылындағы №162 И.Әбдікәрімов атындағы орта мектепі 20.06.1999 жылы бітіргені жөнінде берілген МОБ №0351831 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Аймбетова Назыгуль Қайрабаевнаның атына Қызылорда облысы, Арал ауданындағы №2 Арал кәсіптік-техникалық лицейін «Есепші – 2ЕМ операторы» мамандығы бойынша 17.06.2004 жылы бітіргені жөнінде берілген №0277139 (тіркеу №2546) дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

КҮЗ БЕРЕКЕСІ

ЖӘРМЕҢКЕЛЕР ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Өткен жексенбі күні Шиелі ауданының ауылшаруашылық саласы қызметкерлері мен кәсіпкерлері Тасбөгет қыстағында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізді. Бұл шараға аудандағы 22 ауылдық округ пен жиырмадан астам мекемелер, өз өнімімен танымал болған бірнеше ірі кәсіпкерлер ұйымшылдықпен қатысып, қала тұрғындарына арзан бағада азық-түлік пен тұрмыстық заттарды ұсынды.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев осы күні таңертең ертесімен Тасбөгеттегі Шиелі ауданының ұйымдастырған жәрмеңкесін аралап, оң бағасын берді.

Бүкіләлемдік экономикадағы күрделі жағдайдың тікелей ықпалы әсерінен төл теңгеміз еркін бағаға жіберілді. Бұл жағдайда жергілікті атқарушы орындар азық-түлік бағасының негізсіз көтерілуіне жол бермей, нақты шаралар қолдануда. Ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері соның бір көрінісі.

– Шиелі ауданынан бұл жолы 88 көлік келді. Онда негізінен күріш, бидай, қауын-қарбыз, көкөністің барлық түрлері тасымалданса, мал өнімдері де молшылық. Саудаға түсірілген уақ малдарымыз да аз емес, жалпы бүгінгі орталыққа әкелінген өнімнің құны 48 млн теңгеге бағаланып отыр. Бір ескеретін нәрсе, барлық өнімдер базар бағасынан 15-20 пайызға төмен, бұл өз кезегіндегі ауыл дикандарының қалалықтарға деген көмегі, – дейді Шиелі ауданы ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Мұқабай Мақаш өз сөзінде. Аудан әкімі

Қайратбек Сәрсенбаев базар бағасының жәрмеңке барысында осы арзан күйінде саудалануын тиісті бөлім басшыларына қайталап тапсырып, пысықтады.

– Біз шиеліліктерді асыға күтеміз, әсіресе олардың әкелген қауын-қарбыздары өте дәмді, ерекше болады. Міне, Жиделі ауылының диқандары саудалаған қауыннан он данасын алып тұрмын. Әрқайсысы 200 теңгеден дейді, өзін қыстақ тұрғыны Әлиасқар Азаматов деп таныстырған кісі.

– 5 келі ет алдым, арзанға берді, келісін 1000 теңгеден, – деп ризашылығын білдірді Константин Ефремович есімді қала тұрғыны.

Ал, «Тағзым» алаңында жаңақорғандықтар қала тұрғындарына сапалы өнімдерін ұсынды. Онда әлеуметтік жағдайы төмен 30 отбасына ауылшаруашылық өнімдері көмек ретінде тегін берілді. Жәрмеңкеде балық, көкөніс және ет, сүт өнімдеріне сұраныс жоғары болды. Сондай-ақ, шарада аудан басшысы Руслан Рүстемов биыл жергілікті өнімнің бітік шыққанын, өткен жылмен салыстырғанда едәуір жоғары болғанын айта келе, жәрмеңкеге 240 тонна өнім әкелгендіктерін айтты.

Сонымен қатар, «Титов» шағын ауданындағы жәрмеңкенің шырайын сырдариялықтар келтірді. Мұндағы азық-түлік өнімдерін тұрғындар үлкен ықыласпен алды.

Енді алдағы уақытта жәрмеңке әр жексенбі сайын жыл соңына дейін тұрақты ұйымдастырылып тұратын болды.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ,
Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).



«ПЕТРОҚАЗАҚСТАННЫҢ» ЖҮЛДЕСІ ЖОЛЫНДАҒЫ САЙЫС

Жуырда «Арай-Санрайз» балалар демалыс лагерінде ҚР Конституциясының 20 жылдығына арналған «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ жұлдесін сарапқа салған мектеп оқушылары арасында дәстүрлі 18-ші облыстық футбол турнирі болып өтті.



Турнирдің ұйымдастырушылары – облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен «ПҚР» АҚ, жалпыға білім беретін мектеп оқушыларын дене шынықтырумен және спортпен, оның ішінде футболмен айналысуға тарту, жасөспірімдер арасындағы достықты нығайту, балғын спортшылардың шеберліктерін арттыру және оқушылар арасындағы футболдан облыстық құрамаға кандидаттарды анықтау мақсатын ұстанды. Лагерде тыныққан жарысқа қатысушылардың айтуынша, «Арай-Санрайзға» Байқоныр және Қызылорда қалаларына қосқанда, облыстың барлық аудандарынан 162 жас спортшы мен тоғыз команда келді және футболшы-демаушылар ауысымы қызықты да ұмытылмастай өтті. «Арай-Санрайздың» футболшылар ауысымына осы жылдан бастап Байқоныр қаласының оқушылары да қатысатынын атап өткеніміз жөн.

Турнир жеңімпаздарын марапаттау рәсінде сөйлеген сөзінде «ПҚР» АҚ вице-президенті Болат Көшербаев: – «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясы аймақ балаларының жан-жақты дамуы үшін жағдай жасау жұмыстарына барынша атсалысып келе жатқаны барлығына белгілі. Атап айтқанда, «ПҚР» АҚ компаниясының есебінен биыл Қызылорда қаласында жетім балаларға арналған «Атамекен» отбасылық үлгідегі ауылы пайдалануға берілді, Илья Ильин атындағы спорт алаңы қайта жаңғыртылды және басқа да әлеуметтік маңызы бар бірсыпыра қайырымдылық жобалары жүзеге асырылды. Мысалы, жақинда ғана облыстың барлық лагерлерінің барлық ауысымдарында демалып жатқан балаларға осымен бесінші жыл қатарынан мұнайшылар түрлі сыйлықтар алып баратын, балалардың ықыласына бөленген «Шаттық керуені» қайырымдылық акциясы аяқталды. Бұдан басқа, «Мектепке дайындық» акциясы барысында облыстың үш жүзден астам оқушыларына ішінде мектепке қажетті құрал-жабдықтар бар сөмкелер табыс етілді. Ал «Арай-Санрайз» балалар лагерінде осы жылғы демалыс маусымында бір мың екі жүзден астам бала тегін демалды. Барлығыңызға алдағы жаңа оқу жылында табыстар тілеймін, ал жас футболшыларға қызылордалық «Қайсар» командасының лайықты ізбасары болуға тілектестік білдіремін.

Бір айналымдық турнир қорытындылары бойынша анықталған жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар және бағалы жүлделер тапсырылды. Марапаттау рәсін «ПҚР» АҚ

Айдос АБСАТ.

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

кабұлдық бөлмесі
телефакс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӨБДІРАМАН

кабұлдық бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
ауылмен және саясат - 70-00-41
жарнамалық - 70-00-49, 70-00-52
өспелі-қалып - 70-00-38, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

мәнікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жанақорған: Гүлжанай Ертұай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аталысы 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қызылорда Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мәдениет комитетіне тіркелген
Тіркеу куәлігі №12993-7, 27.08.2012 ж.

«Сыр бойы» облыстық газеті
КР СТ ИСО 9001-2009
«Сапа менеджменті жүйесі»
талғатына сәйкес Сертификатталған
Ақпараттық қызметіне қатысты болып
телесіз, қолжазба енгізуді және қайтармады.
Жарнамалар мен ақпараттың үнемі
кеңестірілгендігіне, «Сыр бойы» қызметі.

Газет редакцияның компьютер орталығында
«Ақпарат», «Сыр медиа» ЖШС-ке бастанқасында
басылды. Қызылорда қаласы.
Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына «Қаласы» - 23-54-51,
«Бұлақ» - 27-62-64 жауапты.
Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24822

Тапсырыс № 886

Электронды оқылым – 28000.